

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№ 3 хаттамасы

Түркістан қаласы

19.11.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Йылмаз Узун,, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы аға оқытушы А.Алимбаева, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары С.Ерназарова, кафедра меңгерушілері: э.ғ.к., профессор Азиретбергенова Гүльмира Жарылхасыновна, PhD, доцент Құралбаев Алмас Ахметкаримович, PhD, Анламасова Макпал Касымхановна, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: М.Оспанкулова, Қ.Қаныбекова, А.Кенжебаева және ОПК.

Күн тәртібі :

1. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау
2. Оқу-әдістемелік кешендердің Platonus.kz базасына енгізілу мониторингі
3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру.
4. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы
5. Әр түрлі мәселелер

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Факультет деканы Йылмаз Узун сөз алып; факультетте білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау білім беру стандарттарына, оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуда және бағалау пәннің оқыту нәтижелері мен күтілетін құзыреттер арасында сәйкестік сақталған.

Бағалау құралдары ретінде тесттер, жобалық жұмыстар, практикалық тапсырмалар, кейс-стади және емтихан жұмыстары пайдаланылады. Оқытушылар тарапынан құзыреттерді бағалау критерийлері силлабустарда нақты көрсетілген. Бағалау деңгейі қысқы сессия аяқталғаннан кейін факультеттің қаңтар айындағы мәжілісінде тағыда толық қаралатынын айтып өтті.

ШЕШІМ:

1.1 Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау пән мазмұнын толық меңгеріп, аралық емтихан тапсырғаннан кейін толықтырылсын. *(Жауапты: кафедра меңгерушілері).*

Екінші мәселе бойынша «Оқу-әдістемелік кешендердің Platonus.kz базасына енгізілу мониторингі» мәселесі бойынша факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Алимбаева сөз алып, оқу-әдістемелік кешендердің (ОӘК) Platonus.kz электрондық білім беру жүйесіне уақытылы және толық көлемде енгізілу барысы жөнінде мониторинг нәтижелерін ұсынды. Мониторинг барысында төмендегі мәселелер қарастырылды:

Пәндер бойынша ОӘК-тердің жүктелу деңгейі бойынша пәндердің басым көпшілігінде силлабус, дәріс конспектілері, практикалық сабақтар, емтихан сұрақтары және екі аралық бақылау тапсырмалары жүйеге енгізілгені айтылып өтті.

Platonus.kz жүйесіне құжаттардың жүктелу реттілігін айтып өтсем, құжаттардың PDF форматының стандартқа сай болуы, атауларының біріздендірілуі, файлдардың ашылу жылдамдығы және дұрыс тіркелуі тексерілді.

Кейбір пәндерде құжаттар әртүрлі форматта жүктелгені немесе атаулары талапқа сәйкес келмейтіні анықталды, оны дер кезінде пән оқытушылары ретке келтірді. Сонымен қатар, силлабустағы әдебиеттер соңғы тапсырыспен алғызылған оқулықтармен толықтырылғанын атап өтті.

ШЕШІМ:

2.1 Кафедралардың 2025-2026 оқу жылының күзгі семестріндегі оқу-әдістемелік кешендердің сапасын қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін. *(Жауапты: кафедра меңгерушілері және Оқу әдістемелік комитет торайымы).*

Үшінші мәселе бойынша Комитет осы оқу жылында білімгерлер арасында пәндік олимпиадаларды ұйымдастыру мәселесін қарастыру үшін жиналды. ОӘК төрағасы А. Алимбаева сөз алып; олимпиадалардың білімгерлердің академиялық қабілеттерін арттыру мен салауатты бәсекелестікті қолдаудағы маңыздылығын атап өтті. Пәндік олимпиадаларды ұйымдастыру студенттерге белгілі бір пән бойынша өз білімдері мен дағдыларын көрсету мүмкіндігін беретінін, сонымен қатар оларды оқуларында тереңірек қамтуға ынталандыратынын мәлімдеді.

Кафедра меңгерушілері пәндік олимпиадаларды қалай тиімді ұйымдастыру керектігі жөнінде өз ойларын айтты, әр түрлі форматтар мен пәндерді ұсынды. Олар қатысу критерийлерін, мүмкін болатын сыйақыларды және үйлестіруді қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстарды талқылады. Мұндай іс-шаралардың болашақ академиялық және кәсіби мүмкіндіктер үшін үздік студенттерді анықтауға арналған алаң бола алатыны атап өтілді.

Комитет ұсынылған жоспарды қарап, пәндерді таңдау, олимпиаданың құрылымы және қажетті логистиканы талқылады. Барлық ұсыныстарды ескере отырып, комитет пәндік Олимпиадаларды ұйымдастыру бойынша түпкілікті жоспарды қабылдады.

«Менеджмент және туризм» кафедрасының меңгерушісі А.Құралбаев сөз алып; Туризм Білім беру бағдарламасы бойынша қазіргі уақытта білімгерлер Астана қаласында 17.11.-23.11.2025ж. аралығында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Туризмнің белсенді түрлерінің техникасы мен тактикасы» бойынша Қазақстан Республикасының, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің университеттері, колледждері, жалпы білім беретін мектептері, лицейлері, гимназиялары және спорт клубтары студенттерінің командалары арасында VIII халықаралық олимпиадада екендігін және білімгерлер өте жақсы көрсеткіш көрсетуде екендігін, орынмен оралатынын айтты. Қатысушылар 1. Сабытханова Мөлдір Жамшидқызы – топ жетекшісі

2. Сейтғали Иманғали Әсетұлы – 1 курс студенті
3. Сапарбек Назерке Алибекқызы – 2 курс студенті
4. Елші Анапия Жұмаханқызы – 2 курс студенті
5. Тұрғанбек Айбек Тазабекұлы – 4 курс студенті
6. Усенбеков Батир Сайдуллаугли – 4 курс студенті

Кафедра меңгерушілері сөз алып; Білімгерлердің пәндік олимпиадаға қатысуын 2025-2026 оқу жылының көктемгі семестріне жоспарланғандығын айтты.

ШЕШІМ:

3.1 Білімгерлер арасында пәндік олимпиадаларды ұйымдастыру ұсынысы бекітілді, ұсынылған пәндер мен құрылым бойынша жұмыс әр кафедра меңгерушілері тарапынан әрі қарай нақтылауға жіберілсін. *(Жауапты: кафедра меңгерушілері және ұйымдастыру комитеті).*

Төртінші мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы А.Алимбаева сөз алып; оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) пәндер бойынша жиынтық әзірленген. ОӘК пәнді

өту үшін жеткілікті ақпаратты қамтиды. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы қанағаттанарлық екендігін айтты. Атап айтқанда кафедраларда оқу жұмысы іске асырылатын келесі БББ бойынша пәндердің оқу әдістемелік кешендері университеттің **Platonus.kz** жүйесіне ОПК тарапынан жүктелген.

6B04140-Менеджмент

6B04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару

6B04142-Экономика

6B04143-Есеп және аудит

6B04144-Қаржы

7MO4119 –Менеджмент

7MO4121 –Мемлекеттік және жергілікті басқару

7MO4118 –Экономика

7MO4120 –Есеп және аудит

7MO4141 - Қаржы

8D04114, –Мемлекеттік және жергілікті басқару

8D04106 –Экономика

6B11157 Туризм

6B03138 Халықаралық қатынастар

7M03117 Саясаттану;

7M03140 Халықаралық қатынастар

ШЕШІМ:

4.1 Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілу жағдайы қанағаттанарлық деп бағалансын.

**Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**

А.А.Алимбаева